

Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру тобының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды белгілеу, сондай-ақ Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын макұлдау қағидаларын және Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының (сақтандыру тобының) және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 75 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 28 мамырда № 16944 болып тіркелді.

Ескеरту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.02.2021 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін мынадай факторлар белгіленсін:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің төмендеуі;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативінің төмендеуі;

3) сақтандыру резервтерін өтеу үшін өтімділігі жоғары активтердің жеткіліксіз болуы;

4) талап етілетін капитал сомасының валюталық тәуекелді өтеу үшін жеткілікті болуы;

5) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-" және одан төмен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің (бұдан әрі - басқа рейтингтік агенттіктер) осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктердегі және осы банктердің үлестес тұлғаларындағы бағалы қағаздарға ("көрі РЕПО" операцияларын ескере отырып), салымдарға және ақшага (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жалпы жиһынтық орналастырудың ұлғаюы;

6) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-" және одан төмен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған үқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банктегі және осы банктің үлестес тұлғаларындағы бағалы қағаздарға ("көрі РЕПО" операцияларын ескере отырып), салымдарға және ақшаға (кумәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жиынтық орналастырудың ұлғауы;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығынды қызметі;

8) қайта сақтандырушының үлесін ескермегендегі аралас коэффициенттің ұлғауы;

9) жалпы және әкімшілік шығыстар, сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу шығыстары және өзге шығыстар сомасының сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын бұзуға байланысты шығыстар сомасына азайтылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кірістерінің сомасына арақатынасының асуы;

10) сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешектің жалпы сомасының (құнсыздануға резервтерді шегергенде) қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сомасына арақатынасының асуы.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.12.2019 № 259 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2. Сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін мынадай факторлар белгіленсін:

1) сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің төмендеуі;

2) сақтандыру тобы қызметінің шығындылығы;

3) сақтандыру тобының қатысушылары арасындағы мәмілелер көлемінің асуы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 1 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидалары;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындамау әдістемесі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.02.2021 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3-1. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін мынадай факторлар белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативін төмендету;

2) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының жоғары өтімді активтерінің жеткіліктілігі нормативін төмендету.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.02.2021 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Мыналардың:

1) "Ертерек ден қою шараларын қолдану қағидаларын және сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін факторларды айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 27 тамыздағы № 233 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8804 болып тіркелген, 2013 жылғы 14 қарашада "ЗАң газеті" газетінде № 171 (2372) жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 127 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14277 болып тіркелген, 2016 жылғы 24 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының өзгерістер енгізілетін сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі 21-тармағының күші жойылды деп танылсын.

5. Банктік емес қаржы үйымдарын реттеу департаменті (Шайқақова Г.Ж.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Зан департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және б-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

6. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

8. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы

Д. Ақышев

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банкі Басқармасының

2018 жылғы 27 сәуірдегі

№ 75 қаулысына

1-қосымша

Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын макұлдау қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.02.2021 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын макұлдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Занына (бұдан әрі - Зан) әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) оның акционерлерінің, сақтандыру холдингінің және (немесе) оның ірі қатысушыларының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының және (немесе) оның Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржылық орнықтылығын арттыру, оның қаржылық жағдайының нашарлауына және сақтандыру қызметіне (сақтандыру тобының қызметіне) байланысты тәуекелдердің өсуін болдырмау бойынша ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - іс-шаралар жоспары) макұлдау тәртібін айқындайды.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары, Қазақстан Республикасы

бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қызметіне тигізетін жағымсыз әсері;

сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының (сақтандыру тобының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторды жақсарту, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының (сақтандыру тобының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қызметі үшін қауіп төндірмейтін (қосымша тәуекелдер) деңгейге дейін жеткізу шаралары;

әрбір тармағы бойынша іс-шаралар жоспарының орындалу мерзімдері;

іс-шаралар жоспарын орындауға жауапты басшы қызметкерлер тізбесі (іс-шаралар жоспарының әрбір тармағы бойынша орындауға жауапты басшы қызметкерлерді көрсете отырып).

Егер іс-шараларда ақша алу көзделсе, олардың болжамды мөлшері және алынатын көздері көрсетіледі.

Үәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысуышылары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалы және (немесе) оның Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы ұсынған іс-шаралар жоспарын қарайды.

Үәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысуышылары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалы және (немесе) оның Қазақстан Республикасы бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы қарауға ұсынған іс-шаралар жоспарымен келіспеген жағдайда, үәкілетті орган ол бойынша жазбаша ескертулер жібереді не іс-шаралар жоспарын пысықтау мақсатында оны сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымымен және (немесе) оның акционерлерімен, сақтандыру холдингімен және (немесе) оның ірі қатысуышыларымен, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалымен және (немесе) оның Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымымен бірлесіп талқылайды. Бұл ретте сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысуышылары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалы және (немесе) оның Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы үәкілетті органның ескертулерін жою үшін іс-шаралар жоспарын түзетеді немесе ондай ескертулермен келіспеген жағдайда өздерінің негізdemelerін береді.

Үәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысуышылары, Қазақстан

Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалы және (немесе) оның Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы ұсынған іс-шаралар жоспарын жазбаша нысанда макұлдайды немесе макұлдаусыз қалдырады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының (сақтандыру тобының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды өздігінен анықтаған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысуышылары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалы және (немесе) оның Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы көрсетілген факторлар анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде үәкілетті органға Қағидалардың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген іс-шаралар жоспарын ұсынады.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторлар анықталған жағдайда, оларға қатысты жазбаша келісім нысанында қаржылық жай-күйін жақсарту және (немесе) тәуекелдерді азайту бойынша шаралар қолданылып отырған (қайта сақтандыру) үйымдары бойынша іс-шаралар жоспарын немесе пруденциялық нормативтерді және басқа да сақталуға міндепті нормалар мен лимиттерді, сақтандырудың барлық сыйнштары бойынша лицензияның қолданысын тоқтата тұру, консервациялау, акцияларын мәжбүрлеп сатып алу түріндегі санкцияларды бұзумен байланысты қолданылған жазбаша үйғарым шеңберінде ұсынған, сондай-ақ үәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын ерікті түрде қайта үйымдастыруды не таратуды жүргізуге рұқсат алуға өтінішхат берілген жағдайда іс-шаралар жоспарын ұсыну талап етілмейді.

5. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторлар анықталған жағдайда, оларға қатысты жазбаша келісім нысанында қаржылық жай-күйін жақсарту және (немесе) тәуекелдерді азайту бойынша шаралар қолданылып отырған Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының филиалдары бойынша іс-шаралар жоспарын немесе пруденциялық нормативтерді және басқа да сақталуға міндепті нормалар мен лимиттерді, сақтандырудың барлық сыйнштары бойынша лицензияның қолданысын тоқтата тұру түріндегі санкцияларды бұзумен байланысты қолданылған жазбаша үйғарым шеңберінде ұсынған, сондай-ақ үәкілетті органға Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға не мәжбүрлеп тоқтатуға рұқсат алуға өтінішхат берілген жағдайда іс-шаралар жоспарын ұсыну талап етілмейді.

6. Осы Қағидалардың талаптары уәкілетті орган сақтандыру қызметін және (немесе) қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия берген күннен бастап алты ай ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымына, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының филиалына қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2018 жылғы 27 сәуірдегі
№ 75 қаулысына
2-косымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының (сақтандыру тобының) және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесі

Ескерту. Әдістеменің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.02.2021 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының (сақтандыру тобының) және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесі "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Зан) сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.02.2021 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау мынадай әдістеме бойынша жүзеге асырылады:

1) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі мәнінің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндепті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес үйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы үйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (

акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысымен (бұдан әрі - № 304 қаулы) белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең төмен мәнінен асатын деңгейден төмен 0,1 тармақта төмендеуі;

2) өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативі мәнінің № 304 қаулымен белгіленген өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативінің ең төмен мәнінен асатын деңгейден төмен 0,2 тармақта төмендеуі;

Осы тармақшаның талабы "өмірді сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарына қолданылмайды;

3) 1 (бір) жылға дейінгі орындау мерзімімен қайта сақтандыруышының үлесін шегергенде, айналыс мерзімі 1 (бір) жылға дейін болатын өтімділігі жоғары активтердің құнының сақтандыру резервтерінің сомасына қатынасының 1,2 мәнге төмендеуі және (немесе) 1 (бір) жылдан 5 (бес) жылға дейінгі орындау мерзімімен қайта сақтандыруышының үлесін шегергенде, айналыс мерзімі 1 (бір) жылдан 5 (бес) жылға дейін болатын өтімділігі жоғары активтердің құнының сақтандыру резервтерінің сомасына қатынасының 1,05 мәнге төмендеуі.

Осы тармақшаның талабы "жалпы сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарына қолданылмайды.

Сақтандыру резервтерін орындау мерзімдері бойынша бөлу Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19927 болып тіркелген, "Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қагидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 275 қаулысына 25-көсімшаның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады;

4) қатарынан 3 (үш) ай ішінде есепті күні валюталық тәуекелді өтеу үшін талап етілетін капитал сомасының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативін есептеу кезінде пайдаланылатын төлем қабілеттілігінің нақты маржасының мәні мен төлем қабілеттілігі маржасының ең аз мөлшері мәнінің арасындағы айырмасынан мынадай формула бойынша айқындалатын асып кетуі:

2020 жылғы 1 қантарға дейін:

$$\frac{1}{5} \left| \sum_i CRE_i \right| > (\text{ТНМ} - \text{TME})$$

2020 жылғы 1 қантардан бастап:

$$\frac{1}{4} \left| \sum_i CRE_i \right| > (\text{ТНМ} - \text{TME}).$$

Әрбір шетел валютасы бойынша валюталық тәуекелдің орнын толтыру үшін талап етілетін капитал мынадай формула бойынша айқындалады:

$$CRE_i = A \times \left(\frac{a_i}{A} - \frac{l_i}{L} \right),$$

мұнда:

CRE_i – i-шетел валютасы бойынша валюталық тәуекелдің орнын толтыру үшін талап етілетін капитал;

A – есепті күні сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жиынтық активтері;

L - есепті күні баланс бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жиынтық міндеттемелері;

a_i – есепті күні i-шетел валютасында активтер сомасы;

l_i - есепті күні i-шетел валютасында баланс бойынша міндеттемелер сомасы;

5) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі мәнінің № 304 қаулыда белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең төмен мәнінен асатын деңгейден 0,2 тармаққа төмен болған кезде бағалы қағаздарға ("көрі РЕПО" операцияларын ескергенде), Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-" және одан төмен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктердегі салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) және осы банктердің үлестес тұлғаларына жалпы жиынтық орналастырудың меншікті капиталдан 30 (отыз) пайыз мәнінен асуы;

6) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі мәнінің № 304 қаулыда белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең төмен мәнінен асатын деңгейден 0,2 тармаққа төмен болған кезде бағалы қағаздарға ("көрі РЕПО" операцияларын ескергенде), Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-" және одан төмен ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банктердегі салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) және осы банктердің үлестес тұлғаларына жалпы жиынтық орналастырудың меншікті капиталдан 10 (он) пайыз мәнінен асуы;

7) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі мәнінің № 304 қаулыда белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең төмен мәнінен асатын деңгейден:

2020 жылғы 1 қаңтарға дейін - 0,2 тармаққа;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 0,5 тармаққа төмен болған кезде соңғы 12 (он екі) айдың қорытындысы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының шығынды қызметі.

Осы тармақшаның талабы аяқталған қаржы жылдының қорытындысы бойынша бизнес-жоспарда айқындалған мерзім өткенге дейін сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының кіріс алған жағдайын қоспағанда, "жалпы сақтандыру" саласында 3 (үш) жылдан кем қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымына, "өмірді сақтандыру" саласында 5 (бес) жылдан кем қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымына қолданылмайды;

8) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі мәнінің № 304 қаулыда белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең төмен мәнінен асатын деңгейден:

2020 жылғы 1 қаңтарға дейін - 0,2 тармаққа;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 0,5 тармаққа төмен болған кезде қайта сақтандырушының үлесін ескермегендеге аралас коэффициент мәнінің 100 (жуз) пайыздан астам асуы.

"Ауырган жағдайдан сақтандыру" сыныбы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті күні қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінде 80 (сексен) пайыздан астам болатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары үшін осы фактор бойынша шекті мәні 120 (бір жуз жиырма) пайызды құрайды;

9) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі мәнінің № 304 қаулыда белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең төмен мәнінен асатын деңгейден:

2020 жылғы 1 қаңтарға дейін - 0,2 тармаққа;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 0,5 тармаққа төмен болған кезде соңғы 12 (он екі) айда жалпы және әкімшілік шығыстар, сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу бойынша шығыстар және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13504 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 41 қаулысымен бекітілген Қаржы үйымдарының және микроқаржы қызметін жүзеге асыратын үйымдарының қаржылық есептілікті ұсынуы қағидаларына 5-қосымшаның "жалпы және әкімшілік шығыстар" бабында көзделген өзге шығыстар сомасының соңғы 12 (он екі) айда сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын бұзуға байланысты шығыстар сомасына азайтылған сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының шығыстар сомасына арақатынасының 50 (елу) пайыз мәнінен асуы;

10) төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі мәнінің № 304 қаулыда белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең төмен мәнінен асатын деңгейден:

2020 жылғы 1 қаңтарға дейін - 0,2 тармаққа;

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 0,5 тармаққа төмен болған кезде сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша мерзімі өткен дебиторлық берешегінің (қайта сақтандырушылардан, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынуға тиіс соманың) (құнсыздануға резервтерді шегергенде) қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері сомасына арақатынасының 5 (бес) пайыз мәнінен асуы.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 27.12.2019 № 259 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.12.2020 № 127 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4. Сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау мынадай әдістеме бойынша жүзеге асырылады:

1) төлем қабілеттілігі маржасы жеткіліктілігінің нормативі мәнінің № 304 қаулыда белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең төмен мәнінен асатын деңгейден 0,1 тармаққа төмендеуі;

2) соңғы 4 (төрт) есепті тоқсанның қорытындысы бойынша қызметтің шығындылығы;

3) сақтандыру тобының қатысушылары арасындағы мәмілелер көлемінің сақтандыру тобының төлем қабілеттілігінің нақты маржасынан 10 (он) пайызға асуы.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 1 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау мынадай әдістеме бойынша жүзеге асырылады:

1) резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілік нормативін Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының пруденциалдық нормативтері және сақталуы міндепті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілейтін қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілдегі органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең төменгі мәнінен асатын төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің деңгейін 0,1 тармаққа төмендету;

2) резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілік нормативін Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымы филиалының пруденциалдық нормативтері және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілейтін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жоғары өтімді активтердің жеткіліктілігі нормативінің ең төменгі мәнінен асатын төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің деңгейін 0,2 тармаққа төмендету.

Ескерту. 5-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.02.2021 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК